



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2024 жылғы 16 тамыз

Қарағанды қаласы

№ 391

город Караганда

Қарағанды облысы
білім беру ұйымдарының
оқушыларын ыстық тамақпен
қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2023 жылғы 14 желтоқсандағы X сессиясының «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» № 119 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қарағанды облысының білім басқармасының білім бөлімдеріне:

1) 2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11-сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыс ұйымдастырылсын.

004899

2) Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты тағамдарды, сондай-ақ үлестерінің массасын граммен көрсете отырып, перспективті мәзір бекітілсін.

3) Қалалық жерде орналасқан білім беру ұйымдарының асханаларында ата-аналар төлемі есебінен тамақтанатын білім алушылардың қолма-қол ақшасыз есеп айырысуы бойынша тиісті шаралар ұйымдастырылсын.


2. Мамандандырылған музыка мектеп-интернатына:

1) 2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап 1-4 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыс ұйымдастырылсын.

3. Білім беру ұйымдары тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет-ресурста «Мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыруды қамтамасыз етілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім басқармасы басшысының жетекшілік ететін орынбасары А. Болкенбаев жүктелсін.

Қарағанды облысы
білім басқармасының
басшысы



Г. Жунусова